

Мұхан Ақтоты Жансұлтанқызының «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазіргі қазақ қоғамындағы үйлену ғұрып фольклоры: жанрлық табиғаты, тарихи эволюциясы мен трансформациясы» атты диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

П І К І Р І

Ел тәуелсіздігін алып, халық шығармашылығы қайта түлеген заманда қазақ фольклортану ғылымы да әлемдік ғылыми қауымдастықпен етене араласып тың зерттеулерге құлаш сермеді. Халықтың мәдени өмірінде бұрындары шек қойылып келген салт-дәстүрлердің көпшілігі жаңғырып, жаңаша даму жолына түсті. Солардың ішіндегі ерекше белсенді қолданысқа еніп, халықтың барынша ықыласына ие болған қазақ фольклорының арналы саласы – үйлену ғұрып фольклоры болды.

Коммунистік идеологияның қақпайына түсіп көзден таса бола бастаған әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер бөгеті ашылған бұлақтай сарқырап халық игілігіне айналған уақытта бұрындары ұмыт бола бастаған құдаласу, қыз ұзату, келін түсіру сияқты ғұрыптық кешендер қайтадан қазақтың өмір салтына берік орныға бастады. Осындай рәсімдерде орындалатын құдаласу ғұрпының жол жоралғылары (ойын-сауықтар, ойындар, құйрық-бауыр асату т.б.) қыз ұзату тойындағы жоралғылар (жар-жар, сыңсу), келін түсіру ғұрпындағы (беташар, үйлену тойы т.б) қайта оралып, заманға сай түрлене дамыды. Бұрын жарық көрмеген дәстүрлі мәтіндер жарық көріп, жастардың ізгі тілегін, пәк сезімін білдіретін жаңа мәтіндермен толықты. Осының барлығы бұл мәселені ғылыми тұрғыдан жаңаша саралауды қажетсінеді. Үйлену ғұрып фольклорының шығу тегі мен қалыптасуын, жанрлық табиғатын саралай отырып, оның қазіргі заманға трансформациялану ерекшеліктерін кешенді түрде зерттеу қажеттілігі туындады. Сондықтан да қазіргі қазақ қоғамындағы үйлену ғұрып фольклорының жанрлық табиғатын анықтай отырып, оның тарихи эволюциясын байыптап, бүгінгі өмірге трансформациялану жолдарын саралау қазақ фольклортану ғылымының кезекті үлкен міндеті болып табылады. Қазіргі қазақ қоғамындағы осындай көкейтесті мәселені өз зерттеуіне өзек етіп алған Мұхан Ақтоты Жансұлтанқызының «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазіргі қазақ қоғамындағы үйлену ғұрып фольклоры: жанрлық табиғаты, тарихи эволюциясы мен трансформациясы» атты диссертациялық жұмысының ғылыми маңыздылығы аса жоғары деуге болады.

Ақтоты Жансұлтанқызы диссертациялық жұмысында отбасылық ғұрып фольклорын біртұтас құбылыс ретінде қарастыра отырып, оның түрлі тарихи кезеңдердегі дамуы эволюциясын саралап көрсетеді. Қазақ үйлену ғұрып фольклорының туыстас түркі халықтарымен типологиялық байланыстарын салыстырып, әлем халықтары мұрасымен ортақ тұстарын анықтап, қазаққа тән ұлттық ерекшеліктерін байыптайды.

Жұмыста қазақтың үйлену ғұрып фольклорына қатысты бұрын-соңды жинақталған материалдар жан-жақты қамтылып, оның ұлттық сипаты тұрғысынан ғана емес, салыстырмалы типологиялық тұрғыдан да жүйелі, кешенді зерттеудің жаңа міндеттері айқындалған.

Диссертант әйгілі ғалым Арнольд Ван Генеп атап көрсеткен адамның «туу – ер жету – өлу» сияқты үш кезеңнен тұратын өтпелі ғұрыптарға қатысты жалпыға ортақ рәсімдер кешенін қазақтың үйлену ғұрып фольклоры материалдарымен негізді дәлелдеп көрсетеді. Мәселен, қыздың ұзатылуы мен келін болып түскен кезіндегі рәсімдердің барлығы осы “өтпелі ғұрыптар” жүйесімен сәйкеседі. Демек, мұндай заңдылықтардың қазақ үйлену ғұрып фольклорындағы көрінісіне жас зерттеуші дұрыс назар аударған.

Ізденуші қазіргі қазақ қоғамында түрлене дамып, халықтың кең қолдауына ие болған, әсіресе, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде ел өміріне етене енген құдаласу, қыз ұзату, келін түсіру рәсімдерінде айтылатын құдалар жыры, сыңсу, жұбату, жар-жар, бет ашар сияқты толып жатқан фольклорлық мәтіндердің бұрынғысы мен қазіргісін салыстырып байыпты қорытындылар жасайды. Олардың қатарында мынадай байламдарды атап айтуға болады:

- қазақ үйлену ғұрып фольклорының жанрлық табиғатын анықтап, эволюциялық даму жолына шолу жасайды; Ұлттық фольклордың туыстас түрік халықтары мен әлем халықтары фольклорымен ортақ тамырластығын саралайды;

- Қазақ үйлену ғұрып фольклорындағы бейнелілік (образдық) жүйесін нақты мысалдар аясында ашып көрсетеді;

- Қазақ үйлену ғұрып фольклорындағы рәсімдік жол-жоралғылардың, фольклорлық мәтіндердің заман ағымына қарай өзгеруі мен бейімделу ерекшеліктерін талдап, жанр трансформациясының сырын ашып, дәстүрлі фольклорлық үлгілер мен қазіргі мәтіндер арасындағы өзгешеліктерді сараптап көрсетеді;

- ғұрып пен фольклордың арақатынасын, көркемдік ойдың даму баспалдақтарын саралай отырып, әр халықтың тұрмыс-тіршілігіне сай тарихи поэтика өрісіне назар аударады;

- Бүгінгі үйлену ғұрпы фольклорының атқаратын қызметі мен көркемдік поэтикасына талдау жасап, практикалық құндылығын ғылыми негіздейді;

- Қазіргі заманда атқарылатын үйлену ғұрпына байланысты жинақталған тың материалдар (аудио және видео жазбалар) негізінде салыстырулар жасап, тиісті қорытындылар жасай білген. Ізденушінің сыңсу, беташар, тойбастарға қатысты жүргізілген Google кесте форматында сауалнамасы (1200 респондент), сирек қолжазбалар қорынан алынған экспедиция материалдары, әлеуметтік желілерден алынған ғұрыптық фольклорға қатысты видео, аудио материалдар диссертация жұмысының құндылығын арттырып тұр.

Қазақтың үйлену ғұрып фольклорын біртұтас жеке жанрлық сала ретінде тұңғыш рет арнайы ғылыми зерттеу нысаны ретінде қарастыратын диссертациялық жұмыста бұрын ғылыми айналымға түспеген ел арасынан жиналған тың мәтіндер талдау нысанына алынғанын атап айтқан жөн. Дәстүрлі үйлену ғұрып фольклорының жанрлық табиғаты сараланып, оның

даму эволюциясы мен бүгінгі заманға трансформациялану үрдістері тұңғыш рет ғылыми зерттеу нысанына айналған. Үйлену ғұрып жырларының этнографиялық байланыстар типологиясы алғаш рет арнайы диссертациялық деңгейде қарастырылады. Зерттеуде әлемдік гуманитарлық ғылым жетістіктері тиімді қолданылған. Қазіргі үйлену ғұрып фольклорының бүгінгі қоғамдық санаға ықпал-әсері мен қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі орны мен рөлі айқындалып, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы маңызы сарапталады. Жұмыс нәтижелерін жоғары оқу орындарының дәрістерінде, арнайы курстар мен семинар сабақтарда пайдалануға болады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері ғылыми қызметкерлерге, магистранттар мен докторанттарға көмекші материал бола алады.

Зерттеу нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында ғылыми семинарлар түрінде баяндалған. «Беташар», «Сыңсу» жанрларының заманауи үлгілері және оған деген халықтың ықыласын анықтау мақсатында Google forma арқылы сауалнама алынып (500 респондент) талдау жасалған. Диссертацияның негізгі байламдары мен тұжырымдары: «Жастар, ғылым және инновация» атты XIX халықаралық ғылыми конференцияда (Ақтөбе, 12 сәуір 2023 ж.), «Современные проблемы преподавания башкирского языка в Республике Башкортостан и других регионах Российской Федерации» атты ғылыми-практикалық конференцияда (Ресей, Уфа, 14 ақпан 2020 ж.), «Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық» атты халықаралық ғылыми конференцияда (Орал, 24 қараша 2023 ж.). Сонымен бірге Ресей ғылым академиясы Уфа федералдық зерттеу орталығының «Тарих, тіл және әдебиет» институтынан тағылымдамадан өту барысында баяндалған (Ресей, Уфа, 10.02.-10.03.2020 ж.).

Диссертацияның мазмұны 13 мақалада жарияланған. Соның ішінде 1 ғылыми мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда, 5 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 7 халықаралық конференция жинақтарында жарық көрген.


Осы айтылғандарды ескере отырып, Мұхан Ақтоты Жансұлтанқызының «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазіргі қазақ қоғамындағы үйлену ғұрып фольклоры: жанрлық табиғаты, тарихи эволюциясы мен трансформациясы» атты диссертациялық жұмысын мамандандырылған диссертациялық Кеңестің қарауына жария қорғауға жіберуге болады деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші:

М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас директоры, филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі



К. С. Матыжанов



14.04.2025